

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы республикалық байқауды ұйымдастыру және өткізу ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Ахмет Байтұрсынұлы атындағы республикалық байқауды (*бұдан әрі – Байқау*) ұйымдастыру және өткізу ережесі (*бұдан әрі – Ереже*) байқауға қатысу және жеңімпазды, жүлдегерлерді анықтау тәртібін белгілейді.

2. Байқаудың мақсаты тілдерді оқыту орталықтарының авторлық бағдарламалары, ересектерге қазақ тілін тиімді үйрету әдістемелері бар оқытушыларын ынталандыру, қолдау және марапаттау.

3. Байқаудың міндеттері:

1) қазақ тілінің ортадан жоғары (B2) деңгейін меңгертудің үздік тәжірибесін анықтау;

2) оқытушылардың өзара тәжірибе алмасуына жағдай жасау;

3) қазақ тілін меңгертудің озық авторлық бағдарламаларын тарату;

4) ересектерге мемлекеттік тілді үйрететін шығармашыл әлеуеті бар оқытушылардың бәсекелестік ортасын қалыптастыру;

5) оқытушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіре отырып, ересектерге қазақ тілінен сабақ берудің сапасын арттыру;

2. Байқауды ұйымдастыру тәртібі

4. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Тіл саясаты комитеті (*бұдан әрі – Комитет*) Байқауды ұйымдастырушы болып табылады.

5. Байқау жергілікті атқарушы органдардың қолдауымен өткізіледі.

6. Байқауды өткізу туралы хабарландыру бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады және Комитеттің, «Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы» КеАҚ (*бұдан әрі – Қоғам*) интернет-ресурстарында орналастырылады.

7. Байқау 2024 жылдың 20 қыркүйегінде мемлекеттік тілде өткізіледі.

8. Байқау 3 кезеңнен тұрады:

1) Бірінші кезең. «Қазақ тілі сабағында заманауи технологияларды тиімді пайдалану» сабақ презентациясы. Ортадан жоғары (B2) деңгейіне сай қазақ тілін заманауи технологияларды қолдана отырып сабақ үлгісін дайындау.

Презентацияда Canva, Miro, Guiz, Quizlet, Padlet, Kahoot, Flipped learning сияқты қосымша/бағдарламалардың біреуін қолдану шарт.

2) Екінші кезең. Бұл кезеңде қатысушыларға ұяшықтарды тандау мүмкіндігі бар, әр ұяшықта екі тапсырма беріледі.

3) Үшінші кезең. Байқау қатысушыларына B2 деңгейіне сәйкес келетін, тыңдаушылар саны 5-10 адамнан және өзге этнос өкілдерінен тұратын топ (*бұдан әрі – сынама топ*) ұйымдастырылады. Оқытушы сынама топтағы тіл үйренушілерге сөйлеу әрекетінің 4 түрі бойынша (оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым) тапсырмаларды орындата отырып, сабақ өткізіледі. Сабақ

көлемі 20 минут болады. Байқаудың бұл кезеңі жағдаяттық тапсырмаларға негізделеді.

Тіл үйренушілердің жазылым, оқылым, айтылым, тыңдалым тапсырмаларын орындау кезінде топ мүшелерінің белсенділігі ескеріледі.

9. Байқауға қатысушылардың жұмысын бағалау және жеңімпаздарды анықтау үшін қазылар алқасы құрылады.

Қазылар алқасының құрамы Комитетпен келісіледі.

Қазылар алқасының құрамына бес адамнан аспайтын білікті педагог-әдіскерлер мен ғалымдар кіреді.

10. Қазылар алқасы мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

11. Қазылар алқасының шешімі хаттама түрінде ресімделеді және оған қазылар алқасының барлық мүшелері қол қояды.

3. Байқауға қатысу тәртібі

12. Байқау ересектерге мемлекеттік тілді оқытатын мемлекеттік және жекеменшік Тілдерді оқыту орталықтары оқытушылары арасында өткізіледі.

13. Республикалық Байқауға қатысушылардың жас ерекшелігі 21-45 жас аралығын қамтиды.

14. Байқауға өңірлік байқауларда жүлделі орын алған, арнайы іріктелген жеңімпаздар қатысады.

15. Байқауда соңғы 3 жылда жеңімпаз және жүлделі орынға ие болған қатысушылар қатыса алмайды.

16. Қатысушылардың саны еліміздің барлық өңірі бойынша республикалық маңызы бар қалалық, облыстық байқау жеңімпаздарының арасынан іріктеледі.

17. Байқауға қатысуға өтінім осы Ережеге қосымша берілген нысанда қабылданады.

4. Қорытынды ережелер

18. Байқау жеңімпазы мен жүлдегерлері арнайы дипломдар, алғысхаттар және Комитет бекіткен жүлде қоры мөлшерінде қаржылай сыйлықтармен марапатталады.

19. Байқаудың жеңімпаздары туралы ақпарат Байқаудан кейін кемінде 3 жұмыс күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады және Комитеттің, Қоғамның интернет-ресурстарында орналастырылады.

20. Мемлекеттік тілдерді оқыту орталықтары тарапынан қатысатын оқытушыларға жол шығыны, тәуліктік шығындар ұйымдастырушылар тарапынан төленеді және қонақүйге орналастырылады.

Байланыс телефонды: 8 771 366 66 99.

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы республикалық
байқауды ұйымдастыру және өткізу ережесіне
қосымша

Нысан

**Ахмет Байтұрсынұлы атындағы республикалық байқауға қатысуға
өтінім**

1. Т.А.Ә. _____
2. Жасы _____
3. Білімі _____
4. Қызметі _____
5. Мекенжайы _____
6. Байланыс телефондары _____
7. Қосымша ақпарат _____

Қолы

Күні